

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы №2 бебекжай балабақшасы КМКҚ**

**Топ/сынып «Ақбота» ортаңғы тобы**

**Балалардың жасы 3 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2023-2024 оқу жылы  
қыркүйек айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қыркүйек	Дене шынықтыру	<p>дene жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмеледі орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру;</li> <li>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;</li> <li>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дene жаттығуларына қызығушылықта баулу;</li> <li>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дene сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;</li> <li>- күрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарымқатынас жасауға баулу;</li> <li>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.</li> </ul> <p><b>Жүру.</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бірбірден, екеуден (жүппен) жүру; әртүрлі бағытта: тұра, шенбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындаі отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып журу, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.</p>
	Сейлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;</li> <li>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау;</li> </ul>

	<p>- әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Дауысты (а) және кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айтуда, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқының өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуда.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жинақ) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Сөздерді жіктелуіне, септелеуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және елі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тындағаннан, мультфильмдер, ертегілер</p>
Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> <li>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;</li> <li>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;</li> <li>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру.</li> </ul> <p><b>Кітаптарға қызығушылықты ояту.</b></p> <p>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуда үрету.</p>
Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;</li> <li>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелу.</li> </ul> <p><b>Тілдік дамытуши орта.</b></p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап</p>

	<p>беруге, оз бетінше кітаптарды карауга, озінің алған асері мен қалыуын білдіруге, салемдесуде, отінішін, ырзашылығын білдіруде сыйайы сойлеу адебін сактауга, күрдастарын есімімен толық, дұрыс атауга бауду.</p> <p><b>Сойлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сойлеу кезінде тыныс алушы, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз озіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуда баулу.</p> <p><b>Сөздік кор.</b></p> <p>Ауызекі сойлеуде түрлі балалар әрекеттерінде коршаган орта заттары мен табигат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> <p>Коршаган ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық катынаска байланысты сөздерді («бөле», «ага», «апа», «іні», «қарындас») атауларын айту және түсіну дагдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>1) күнделікті өмірде жиі қолданылатын үй түрмисындағы кейбір заттардың, көкеністердің, жемістердің, жануарлардың атауларын, апта күндерін, айлардың, жыл мезгілдерінің атауларын білдіретін туыстарын (іні, ага, сіңлі, қарындас және басқалары) білдіретін сөздердің магынасын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;</p>
Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарапайым математикалық үғымдарды қалыптастыру;</li> <li>- бақылау арқылы қоршаган орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;</li> <li>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, езіне сенімділікке баулу;</li> <li>- командада жұмыс істей білуге дағыландыру;</li> <li>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық киялдауды дамыту.</li> </ul> <p><b>Сан.</b></p> <p>«Көп», «бір» үғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаган ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. Заттарды</p>

		салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.
	Коршаган ортамен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды қоршаган ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;</li> <li>- отбасына, тұган өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашып болуға тәрбиелеу;</li> <li>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсете ниеттерін қолдау;</li> <li>- тірі және өлі табигат туралы білімдерін байыту;</li> <li>- табигатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);</li> <li>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);</li> <li>- табигатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу.</li> </ul>
	Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту.Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.</li> </ul>
	Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;</li> <li>- бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;</li> <li>- бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;</li> <li>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</li> <li>- өнер туындыларына, қоршаган шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;</li> <li>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбеккорлыққа, ұқыптылыққа баулу.Көлденең және тік сыйықтарды салу, олардың қылышсының жургізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды</li> </ul>

		<p>бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сыйықтардан тұратын заттарды бейнелеу.</p> <p><b>Заттық сурет салу.</b> Түрлі бағытта тұра сыйықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн);</p>
	Мұсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) тандауға мүмкіндік беру;</li> <li>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</li> <li>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.</li> </ul> <p><b>Заттық мұсіндеу.</b> Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мұсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p>
	Жапсыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) тандауға мүмкіндік беру;</li> <li>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</li> <li>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.</li> </ul> <p>Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.</p> <p><b>Келесі дағдыларды қалыптастыр</b> 1) дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету;</p>
	Музыка	<p>Музыка тындау.</p> <p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл қуйін қабылдау; Ән айту.</p> <p>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.</p>